

Тулеуов Асылан Мухамбетовичтің 6D120200 – «Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Батыс Қазақстан облысындағы ұзынашалы өзен шаянының ветеринарлық-санитарлық сапасының көрсеткіштерін бағалау және тағамдық қауіпсіздігі» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Зерттеу мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми бағдарламалар шеңберінде орындалған. Атап айтқанда, жұмыс 2023-2025 жылдары жүзеге асырылған BR21882122 «Жасыл даму контекстінде Батыс Қазақстан өңірінің табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің тұрақты дамуы: кешенді талдау, тұжырымдама, болжамдық бағалау және сценарийлер» ғылыми-техникалық бағдарламасының «балық ресурстары» бағытымен, сондай-ақ ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған BR10764944 «Тағам өнімдері қауіпсіздігінің мониторингі және аналитикалық бақылау әдістерін әзірлеу» бағдарламасы аясындағы зерттеулермен мазмұндық тұрғыдан үйлеседі.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеу су омыртқасыздарын ветеринариялық-санитариялық бағалау саласындағы ғылыми білімді тереңдетуге бағытталған. Жұмыста ұзынашалы өзен шаянының тағамдық қауіпсіздігі экологиялық жағдайлармен, сақтау тәсілдерімен және физиологиялық бейімделу ерекшеліктерімен байланыста қарастырылып, бұл мәселе ғылыми тұрғыда жүйеленген. Зерттеу барысында алынған нәтижелер су биоресурстарынан алынатын өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін бағалау

			әдістемесін нақтылауға мүмкіндік береді және ветеринариялық санитария саласында қолданбалы бағыттағы ғылыми зерттеулерді дамытуға негіз болады. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығы мен мазмұны жағынан сала үшін маңызды болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс ізденушінің жеке ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижесі болып табылады. Зерттеу мақсатын айқындау, әдіснамалық тәсілдерді таңдау, далалық және зертханалық зерттеулерді орындау, алынған деректерді өңдеу мен интерпретациялау автордың тікелей қатысуымен жүзеге асырылған. Жұмыста ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар автордың дербес талдауына негізделген, пайдаланылған дереккөздерге тиісті сілтемелер жасалған және академиялық адалдық қағидалары толық сақталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі су биоресурстарынан алынатын өнімдердің тағамдық және ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігімен айқындалады. Ұзынашалы өзен шаяны аймақ халқы үшін азық-түлік көзі болып табылады, алайда оны ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан кешенді бағалау отандық зерттеулерде жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Сонымен қатар, шаяндарды аулағаннан кейін тірі күйінде сақтау және уақытша ұстау жағдайлары өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Осыған байланысты ағынды суы бар бассейн жағдайында қоректендірмей ұстаудың шаян етінің сапалық көрсеткіштеріне әсерін бағалау өзекті ғылыми мәселе болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық ашуға бағытталған. Зерттеу құрылымында

	<p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды.</p>	<p>су ортасының сипаттамасынан бастап, шаяндардың сапалық және қауіпсіздік көрсеткіштеріне дейінгі мәселелер жүйелі түрде қамтылған, бұл тақырыптың логикалық түрде ашылуын қамтамасыз етеді.</p>	
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертацияның мақсаты нақты қойылған және зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Қойылған міндеттер зерттеу логикасына сай құрастырылған және олардың орындалуы алынған ғылыми нәтижелермен расталған.</p>	
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың бөлімдері өзара логикалық тұрғыда байланысқан және біртұтас ғылыми тұжырымдамаға бағындырылған. Әрбір бөлім алдыңғы тарауларда алынған нәтижелерге сүйене отырып дамытылған және қорытынды бөлімдерде жүйелі түрде жинақталған.</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми тұжырымдар гидрохимиялық, морфометриялық, органолептикалық, химиялық және токсикологиялық зерттеу нәтижелеріне негізделген. Алынған деректер табиғи су айдындарынан алынған шаяндар көрсеткіштерімен салыстырылып талданған, бұл автор ұсынған шешімдердің негізділігін көрсетеді. Сонымен қатар, жұмыста алынған нәтижелер отандық және шетелдік ғылыми дереккөздермен салыстырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары ғылыми тұрғыда түсіндірілген. Бұл салыстырмалы талдау автордың қорытындылары бұрыннан белгілі мәліметтерді қайталамайтынын, керісінше оларды нақтылап, өңірлік ерекшеліктер тұрғысынан толықтыратынын көрсетеді.</p>	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұзынашалы өзен шаянының ветеринариялық-санитариялық жай-күйін бағалау көрсеткіштері біртұтас жүйе ретінде</p>

		<p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>қарастырылған. Жұмыста гидрохимиялық орта сипаттамалары, морфометриялық белгілер, органолептикалық қасиеттер, химиялық құрамы және қауіпсіздік көрсеткіштері өзара байланыста талданып, объектінің жалпы биологиялық жай-күйін сипаттайтын кешенді тәсіл ұсынылған. Ұсынылған тәсіл зерттеу объектісін жеке параметрлер арқылы емес, көрсеткіштердің жиынтығы арқылы бағалауға мүмкіндік береді, бұл жұмыста алынған ғылыми нәтижелердің жаңашылдық сипатын айқындайды.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>; 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары зерттеу барысында алынған нақты деректерге негізделген. Автор ұзынашалы өзен шаяны өнімінің ветеринариялық-санитариялық сапасын бағалауда маңызды болып табылатын көрсеткіштерді анықтап, оларды бірізді түрде тұжырымдаған. Бұл қорытындылар зерттеу нысанын бағалауда бұрын жеткілікті түрде ашылмаған қырларды көрсетеді, сондықтан ғылыми тұрғыдан жаңа деп бағаланады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>; 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Жұмыста ұсынылған практикалық сипаттағы шешімдер шаян шаруашылығында қолданылатын тәсілдерді жетілдіруге бағытталған. Бұл ұсыныстар өнімнің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ұсынылған шешімдер қолданыстағы тәжірибені дамытуға негізделген, сондықтан олар ішінара жаңа деп бағаланады.</p>
<p>6.</p>	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда аукымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куоолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста жасалған негізгі қорытындылар жүргізілген зерттеулер нәтижесінде алынған деректерге сүйене отырып тұжырымдалған. Қорытындылар зерттеу барысында жинақталған материалдармен, есептеулермен және алынған көрсеткіштердің талдауымен өзара үйлеседі. Автор ұсынған</p>

			тұжырымдар зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді және жұмыстың мазмұнымен логикалық тұрғыда байланысқан. Осыған байланысты диссертацияда келтірілген негізгі қорытындылар жеткілікті деңгейде негізделген деп бағаланады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қорғауға ұсынылған негізгі ережелер зерттеу барысында алынған нәтижелерге негізделген және жұмыстың мақсаты мен міндеттерін толық қамтиды. Ұсынылған ережелер ұзынашалы өзен шаянының ветеринариялық-санитариялық сапасы мен тағамдық қауіпсіздігін бағалауға қатысты негізгі ғылыми тұжырымдарды жинақтап көрсетеді. Қорғауға шығарылған қағидаттар мазмұны жағынан тривиалды емес, ғылыми жаңашылдық элементтерін қамтиды және алынған деректермен негізделген. Бұл ережелердің практикалық қолдану мүмкіндігі бар, ал олардың негізгі мазмұны ізденушінің диссертация тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалаларында көрініс тапқан.</p>

8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыста қолданылған зерттеу әдістері қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес таңдалған. Әдіснамалық тәсілдер зерттеу нысанының ерекшеліктерін ескере отырып сипатталған және алынған нәтижелерді бағалауға мүмкіндік береді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Жұмыста пайдаланылған зертханалық және есептік тәсілдер қазіргі уақытта ветеринариялық-санитариялық зерттеулерде кең қолданылатын әдістерге негізделген. Бұл алынған деректердің сенімділігін қамтамасыз етеді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертацияда ұсынылған ғылыми тұжырымдар зерттеу барысында алынған нақты көрсеткіштерге негізделген. Бұл тұжырымдар жұмыстың негізгі бөлімдерінде келтірілген нәтижелермен логикалық тұрғыда сәйкес келеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Жұмыста келтірілген негізгі тұжырымдар қолданыстағы ғылыми деректермен және ветеринариялық-санитариялық талаптармен сәйкес келеді. Бұл диссертация мазмұнының дәйектілігін көрсетеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбын ашуға жеткілікті және мәселенің қазіргі ғылыми деңгейін көрсетеді. Әдеби дереккөздер зерттеу мазмұнымен өзара байланыста қолданылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс ұзынашалы өзен шаяны өнімінің ветеринариялық-санитариялық сапасын бағалау мәселелерін ғылыми тұрғыда жүйелеуге бағытталған. Жұмыста қолданылған көрсеткіштер мен бағалау тәсілдері осы объектіге қатысты

			теориялық түсініктерді нақтылайды. Алынған нәтижелер омыртқасыз су жануарлары өнімдерінің қауіпсіздігін бағалау саласындағы ғылыми мәліметтерді толықтырады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Жұмыста алынған нәтижелер ұзынашалы өзен шаянын аулау, өңдеу және ветеринариялық-санитариялық бақылау барысында қолдануға болады. Ұсынылған тәсілдер өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және сапасын сақтауға бағытталған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста берілген практикалық ұсыныстар зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып әзірленген. Ұсыныстар ұзынашалы өзен шаяны өнімінің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нақты шараларды қамтиды. Бұл ұсынымдар дербес түрде қалыптастырылған және бұрын қолданылған нұсқауларды қайталамайды, сондықтан оларды толығымен жаңа деп бағалауға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс ғылыми стильде жазылған және мазмұны логикалық тұрғыда бірізді баяндалған. Терминология орынды қолданылған, мәтін құрылымы түсінікті және зерттеу нәтижелерін қабылдауға қолайлы. Кестелер мен суреттер мазмұнды толықтырады және зерттеу нәтижелерін көрсетуге бағытталған. Жалпы алғанда, диссертацияның жазылу және ресімдеу сапасы белгіленген талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		51-бетте келтірілген 4-кестеде зерттелген көрсеткіштер бойынша сапа стандарттарын немесе шекті рауалды концентрация мәндерін (ШРК) қосымша көрсету ұсынылады. Бұл деректерді нормативтік талаптармен салыстыра қабылдауды жеңілдетер еді. Аталған ескерту кестелік материалды ұсыну формасына қатысты

		болып табылады және диссертациялық жұмыстың ғылыми мазмұнына, алынған нәтижелердің негізділігіне және қорытындыларға әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторанттың жарияланған ғылыми мақалалары диссертацияның тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келеді. Жарияланымдарда зерттеу нысаны бойынша алынған негізгі нәтижелер, қорытындылар және практикалық бағыттағы тұжырымдар берілген. Мақалалар диссертациялық жұмыстың негізгі бағыттарын қамтып, ұсынылған ғылыми нәтижелердің мәнін ашуға көмектеседі.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Тулеуов Асылан Мухамбетовичтің диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми еңбек болып табылады және зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес орындалған. Жұмыста алынған нәтижелер ғылыми тұрғыдан негізделген, қорытындылар мен практикалық ұсынымдардың қолданбалы маңызы бар, ал докторант 6D120200 – «Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ-дің профессор м.а.,
ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент

мерзімі « 02 » 02 20 26 жыл



Қ.Н. Сыздықов

Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қ.Н. Сыздықов

қолын растаймын:

Ғалым - хатшы *А.А. Дербісбаева*